

IMPACT PLUS

WIRELESS GAMING MOUSE



Тінтуір ARDOR GAMING Impact Plus

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрметті сатып алушы!

Сеніміңізге рақмет!

Біздің команда компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызды толығымен қолдайды, сондықтан біз ойындарға арналған аксессуарларымызбен ойындар тәжірибесін ұмытылмастай ету үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен ең жарқын әсерлер тілейміз!

Құрылғы мақсаты

Сымсыз тінтуір — меңзерді басқаруға және компьютерге әртүрлі командалар беруге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғының конструкциясына ешқандай өзгеріс жасамаңыз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуына жол бермеңіз, оның жанына ашық сұйықтық ыдыстарын қоймаңыз.
- Құрылғыны электрмагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жасайтын жағдайларды қоспағанда, оларды пайдалануға арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.

Техникалық сипаттамалары




- Үлгісі: ARDW-IMT3311-WT
- Сауда белгісі: ARDOR GAMING
- Тінтуір түрі: сымсыз/сымды
- Қуат параметрлері: $3,7 \text{ В} = 7 \text{ мА}$.
- Оптикалық жарықдиодты сенсор: PixArt PAW3311
- DPI режимдері: 400 / 800 / 1600 / 3200 / 5000 / 12000 DPI (макс. 24 000 DPI)
- Сауалнама жиілігі: 125 / 250 / 500 / 1000 Гц (әдепкі 1000 Гц)
- Макс. қадағалау жылдамдығы: 300 IPS
- Үдеу: 35 G
- Батарея: Li-ion, 300 мА·ч
- Автономды жұмыс уақыты:
 - 80 сағ дейін (125 Гц жұмыс істеу кезінде)
 - 42 сағ дейін (1000 Гц жұмыс істеу кезінде)
- Батарея қуатының уақыты: 1,5 сағ дейін
- Ауыстырып-қосқыштар: HUANO 80 M
- Энкодер: F-Switch
- Дайындалған материалы: пластик
- Байланыс түрі: Type-C, радиоарна 2.4G
- Кәбіл: паракорд, 1,8 м
- Үйлесімділік: Windows

- Тінтуір өлшемі: $120 \times 63,5 \times 37 \text{ мм}$
- Салмағы: $52 \pm 1 \text{ г}$
- 2.4G радиоарнасының радиожиілік сипаттамалары:
 - Байланыс стандарты: IEEE 802.15.4
 - Жиілік диапазоны: 2402–2480 МГц
 - Таратқыштың қуаты: 0 дБм
- Қолдану саласы: тұрмыстық

Жинақталым

- Құрылғы
- Қуаттану кәбілі
- 2 тефлон аяқ жиынтығы
- USB-қабылдағыш
- Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрылғы схемасы



1. Тінтуірдің сол жақ батырмасы
2. Ортаңғы тінтуір батырмасы / тінтуір дөңгелегі
3. Тінтуірдің оң жақ батырмасы
4. «Алға» батырмасы
5. «Артқа» батырмасы

6. Жарықтық индикатор
7. USB Type-C қосқышы
8. Қуат ауыстырып-қосқышы
9. DPI батырмасы

Пайдалануға беру

Тінтуірді қосу

Сымды режим

1. Кәбілдің бір ұшын тінтуірдің тиісті қосқышына, ал екінші ұшын компьютердің USB портына жалғаңыз.
2. Егер тінтуірді сымсыз режимде компьютерге кәбіл арқылы қоссақ, ол автоматты түрде сымды режимге өтеді.

2.4G қосылым

1. Қаптамадан жиынтықта келетін ресиверді алыңыз.
2. Ресиверді компьютердің USB портына қосыңыз.
3. Тінтуірдің төменгі жағындағы ауыстырып-қосқышты "ON" күйіне ауыстырып, оны қосыңыз.
4. Компьютердегі жабдықты орнату шебері операциясының аяқталуын күтіңіз.
5. Құрылғы пайдалануға дайын.

Назар аударыңыз!

Егер тінтуір 2.4G байланысы арқылы қосылмаса, ресивердің компьютердің USB портына қосылғанына және тінтуірдің ауыстырып-қосқышы «ON» күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер тексеруден кейін де тінтуір қосылмаса, құрылғыларды қосу мәзірін ашып, жұптауды таңдап, тінтуірдің сол жақ, ортаңғы және оң жақ батырмаларын бір уақытта 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Тінтуірдің сол жағындағы индикатор сары түспен жыпылықтай бастайды, тінтуір сымсыз желіге қосылады. Егер тінтуір әлі де қосылмаса, уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Бағдарламалық жасақтама

1. Бұл құрылғыда бағдарламалық жасақтама бар, оның көмегімен тінтуір параметрлерін дербестендіруге болады.
2. Бағдарламалық жасақтаманы <https://www.dns-shop.ru/> сайтынан, өнім бетінен жүктеп алуға болады.
3. Бағдарламалық жасақтаманы жүктеуді бастамас бұрын, оны тауардың қажетті карточкасынан жүктейтініңізге көз жеткізіңіз (ол үшін қорапта, пайдалану жөніндегі нұсқаулықта, тінтуірдің артында көрсетілген модельдің сандық-әріптік атауын енгізіңіз).
4. Бағдарламалық жасақтаманың көмегімен Сіз макростардың көмегімен пернелерді өзіңізге қажетті командаларға қайта тағайындай аласыз, сонымен қатар пернелердің әдепкі мәндерін өзгерте аласыз.

Ескерту: егер бағдарламалық жасақтама тінтуірді көрмесе: жұмыс үстеліңізде қандай да бір басқа бағдарламалық жасақтаманың ашылмағанын тексеріп, барлық бөгде бағдарламаларды жабыңыз. Егер сіздің компьютеріңізге бірнеше тінтуір қосылған болса, алдымен басқа тінтуірді ажыратыңыз.

Егер ашық бөгде бағдарламалар болмаса және тінтуір жалғыз қосылған болса: бағдарламалық жасақтаманы өшіріп көріңіз, антивирустық қорғанысты уақытша өшіріңіз, бағдарламалық жасақтаманы сипатталған нұсқаулыққа сәйкес қайта жүктеп алыңыз, тінтуірдің бағдарламалық жасақтамамен байланысын тексеріңіз. Егер жоғарыда сипатталған шешім көмектеспесе, қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Қуаттау

- Тінтуірдің батареясы таусылғанда (заряды 20%-дан аз), тінтуірдің сол жағындағы индикатор қызыл түспен жыпылықтай бастайды. Тінтуірді қуаттау үшін қуат көзіне қосыңыз.
- Қуаттау кезінде тінтуірдің сол жағындағы индикатор сары түспен жыпылықтайды. Қуаттау аяқталғаннан кейін индикатор жасыл түспен жанады.

DPI баптау және индикация

1. DPI режимдері: 400 / 800 / 1600 / 3200 / 5000 / 12000 DPI.
2. Тінтуірдің төменгі панеліндегі «DPI» батырмасын басып, DPI режимін ретімен ауыстырыңыз.
3. Тінтуірдің сол жағындағы индикатор түсі ағымдағы DPI режимін көрсетеді:
 - 400 DPI: қызыл түс;
 - 800 DPI: көк түс;
 - 1600 DPI: жасыл түс;
 - 3200 DPI: ақ түс;
 - 5000 DPI: сары түс;
 - 12000 DPI: қызғылт сары түс.

Ескерту: DPI-ді БҚ (бағдарламалық жасақтама) көмегімен де реттеуге болады, DPI-дің максималды қолжетімді мәні — 24000.

Сауалнама жиілігі

125 / 250 / 500 / 1000 Гц бағдарламалық жасақтаманың көмегімен баптауға болады. Әдепкі мән — 1000 Гц.

Аккумуляторлық батареяны пайдалану бойынша ұсыныстар

- Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.
- Температура режимін сақтаңыз. Батареялар зарядталған күйде, ауаның қалыпты ылғалдылығы кезінде +15 °C-тан +35 °C-қа дейінгі температурада сақталуы тиіс. Батареялар қоршаған ортаның өте жоғары (+40 °C-тан жоғары) және өте төмен (-10 °C-тан төмен) температураларында ұзақ пайдалануды нашар көтереді. Батареяны тікелей күн сәулесінің астында қалдыруға болмайды.
- Зақымдану іздері бар батареяларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын қаптамада жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда
- коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. қорғау қажет.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктіне кәдеге жарату үшін тапсырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды сақтауға және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына тиюі мүмкін зиянның алдын алуға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Manufacturer: SHENZHEN YUANYICHANG TECHNOLOGY CO., LTD.

Building B, No.60, Zhuang Village Road, Xiner Industrial Park, Xinqiao Street, Bao'an District, Shenzhen City, Guangdong Province, China.

Өндіруші: ШЭНЬЧЖЭНЬ ЮАНЬИЧАН ТЭКНОЛОДЖИ КО., ЛТД.

В ғимараты, №60, Чжуан Виледж тасжолы, Синьэр индустриялық паркі, Синьцяо көшесі, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай. **Пайдалану мерзімі:** 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.





КӨБІРЕК БІЛІҢІЗ:

ARDOR-GAMING.COM

VK.COM/ARDOR_GAMING

